

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

счастья; где *jooq/ нет* – это отрицательный эквивалент, указывающий на отсутствие наличествования.

**Дериваты на - лык/ –сыз:**

*X. Āsnāgān bars mān, qamuš ara basym, anday alp mān, ārdāmlig mān, anča bilīñlār! / Я — потягивающийся тигр. Моя голова в камышах. Я такой храбрый! Доблестный я! Так знайте!*, где *ārdām* – *ārdāmlig*, словообразовательная форма (далее СФ) – *lig*, с словообразовательным значением (далее СЗ) – «абстрактности»;

*LVII. Qanyu ölmis köñäki toñmyš qanyu nälük ölgäi ol büglig ol köñäki nälük ton, ya! ol künäskä olurur ol. Anča bilīñlār: bu yrq basynta az ämgäki bar, kin jana ädgi bolur. / Водоем {Томсен-, «принц?») иссяк, а водосток {Томсен-, «ведро?») замерз. Каким образом может иссякнуть водоем, когда он княжеский? Как может замерзнуть канал, когда он находится на солнце? Так знайте! В начале этого «оракула» есть некоторые трудности, затем снова хорошо!*, где *bäg* – *bäglig*, СФ – *lig*, СЗ – «посессивности»;

*XLV. Kijik ouly mān otsuz subsuz qalty uñyn näčük joryjyn, — tir. Anča bilīñlār: jabyz ol! / Говорят: я детеныш оленя. Без травы и без воды как справлюсь я? Как я буду ходить? Так знайте — это дурно!*, где в словообразовательных парах *ot* – *otsuz*, *sub* – *subsuz* в производных словах СФ – *suz*, СЗ – «отсутствие».

Таким образом, яркими эквивалентами, в наибольшей мере раскрывающие ядро бытийности, в тексте памятника Ырк Битиг, являются эквиваленты наличествования *bar, bolzun, bolty*, отрицательный эквивалент в значении ‘нет’ – *jooq*, а также дериваты на - лык/ –сыз.

#### Список использованных источников

- 1.Бондарко А.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. – Ленинград: «Наука», 1983. – 208 с.
- 2.Бондарко А.В. Основы функциональной грамматики. – С.-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2001. – 257 с.
- 3.Васильев Д.Д. Графический фонд памятников рунической письменности азиатского ареала. – Москва: Наука, 1983. – 158 с.
- 4.Кляшторный С.Г. Манихейский мотив в древнетюркской «Книге предзнаменований» // Тюркологический сборник 2005. Тюркские народы России и Великой Степи. – М.: Восточная литература, 2006. – 382 с.
- 5.Конт-Спонвиль А. Философский словарь. – Этерна, 2001. – 155 с.
- 6.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951. – С. 80 – 92.
- 7.Шаймердинова Н.Г. Средства выражения времени в русском и казахском языках (функциональный аспект). Спецкурс. – Астана, 2002. – 137 с.
- 8.Thomsen V. M.A. Stein`s Manuscripts in Turkish «Runic» Script from Miran and Tunhuang. – London: JRAS, 1912. – P. 181-227.

УДК – 81

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ШАМАНИЗМ ЖӘНЕ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ  
АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСЫ**

**Ерболатқызы Айым**

[aidarbekova\\_zhk@mail.ru](mailto:aidarbekova_zhk@mail.ru)

Түркітану мамандығының 2-курс магистранты,

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

Ғылыми жетекші – Айдарбекова Ж.К.

Қазіргі таңда дін ретінде емес, белгілі бір сенім ретінде танылған шаманизм түріктердің қалыптасқан маңызды ғұрыптарының бірі болып табылады. Шаман ойыны белгілі бір қойылымға негізделген. Оны бүкіл халық тамашалайтынын біліп, ойын барысында өз өнерін ортаға салады. Расымен де, шаман ойыны театрлық қойлымның элементтерін қамтиды. Шаман Үндістанның пали тілінде «рухтармен шабыттанған адам, будда діни қызметкері», осыған ұқсас шрамана сөзі манчжур тілінде «ойнаған, секірген» деген мағынаны білдіреді. Шаман сөзі якуттарда ойун, моңғолдарда бүгү, бөгү және удаган деп буряттарда, түрік-татар тілдерінде кам (алтай тілінде кам, гам, моңғол тілінде ками), қырғыздар мен қазақтардың бақсы сөзімен атайды [1, 46 б.]. Барлық жерде де сиқырлы, болжаушылық, магиялық қасиеттері бар, зұлым рухтар мен көмекші рухтардың арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұратын, емдеушілік қабілеті бар тәуіп болып табылатын діни қызметкердің бейнесі айтылады. Шаман ауруы деп аталатын процесс барысында шаман шынымен де басынынан өлім мен қайта тірілуді кешіреді. Денесі толығымен ыдырап, қайта біріктіріледі. Бұл уақытта етінің желініп, сүйектері сынғанына толығымен сенеді. Адамның жаны күйзеліске ұшырап, мистикалық ыдырау жүреді. А. Фридрих және К. Будрусс "Сібір шаманизмі" еңбегінде Метрейн есімді әйел өзінің жанының ыдырауы туралы баяндайды: *"Алдымен олар менің басымды кесіп алып, оны шаян тәрізділердің үстіне қойды. Содан кейін олар менің денемді сүйек бойынша бөліп тастады. Кейін етімді сүйектен ысырып, кесіп тастады алынған етті тоғыз бөлікке бөліп жайып қойды. Содан кейін олардың барлығы жиналып, менің етімді жей бастады. Осы уақытта бұзауларға ауру әкелген ергежейлі сарайдың орталық бағанасынан шығып, басқа жындар жегеннен қалған сүйектерді жинап, оларды жаңа гана тазартылған қайың ағашының қабығының үстіне қойды. Осыдан кейін жаным денеме қайта кірді, ал мен орнымнан тұрдым"*. Осыған ұқсас әңгімелер басқа да дереккөздерде кездеседі. Мысалы, телеуіт халқының әйелі таныс емес адамдар оның денесін бөліктерге бөліп, қазанға салып пісіргенін коргеннен кейін, шамандыққа келгенін айтады [2,676.]. Алтай шамандарының сенімдеріне қарағанда, ата-бабалардың рухтары олардың қанын ішіп, еттерін жеп, қарындарын теседі және т.б.<sup>4</sup> Қазақ бақсысы: "менің аспанда бес көмекші рухым бар; олар мені қырық пышақпен кесіп, денеме қырық тырнақ салады" деп айтады.<sup>5</sup>

Шаман ойыны барысында жүгіріп, секіріп билеу секілді ғұрыптары өзге сиқыршыларға ұқсаса да, оның бір айырмашылығы – экстаз күйіне өтуі. Ол өзінің қауымындағы діни ғұрыптарды басқаратын әуесқой сиқыршы емес, табиғат күшіне қарсы келе алатын, рухтармен байланысқа түсуді басқара алатын адам. Шамандыққа бағыштау рәсімі кезінде рухтар тарапынан оны «иелену» процесінен өтеді. Сонымен қатар, ол толығымен сол рухтар әлемімен белгілі бір ережелерге сәйкес байланысады. Би билеу, ән айту, еліктеу секілді іс-әрекеттер көмегімен экстазға кіріп, рухтар арқылы осы әлемге хабарламалар жеткізетін адамдар ескі түріктерде ең алғашқы драмалық өнерінің актерлары болған.<sup>6</sup> Шаман ойыны мен театрдың байланысы дәстүрлі әдет-ғұрып болып қалыптасып, заманауи мәдениеттің зерттеуші теоретиктерінің басты қайнар көзі болды. Себебі, жоғарыда айтып кеткендей, шаман ойыны театрландырылған элементтерге толы болды.

Оның бірі–иллюзия. Тіптен бақсы ойының театрдағы секілді қойылымсыз елестету мүмкін емес болатын. Осының арқасында көрермендер шынайы өмірден алшақтап, сол қойылымдағы барлық әрекеттер шынымен болып жатқандай әсер кешеді. Яғни, түрік қоғамындағы театрдың қайнар көзі осы жерден бастау алады. Әдетте, шамандар күндіз немесе түнде әлсіз жарық кезінде өнер көрсеткен. Аспанға көтерілу, рухтардың дауысына еліктеу, олармен келіссөздер және диалог – бәріне театрлық атмосфераны құру арқылы қол жеткізуге болады. Экстаздан туындаған күйде жануарлар қозғалыстарынан тұратын би театр элементі болып табылады. Шаман экстазы кезінде жыланды, арқанды жоғалтып алғандай, қылыштың немесе оттың үстімен жүргендей, басы кесілген секілді қызықты көріністер қояды.

«Сарын» ұғымын ғылыми әдебиетімізде ең бірінші қолданған Шоқан Уәлиханов болатын. Ол бақсы ойыны кезінде қобыздың сүйемелімен орындалатын әуеннің «сарын» деп аталатының шамамен 1854-1855 жылдары жазды. Бірақ «сарын» ұғымы халық терминологиясында бақсыларға қатысы болмаса да қолданыла береді. Бақсы сарындарын дін салтына қатысты десек те, наным-сенімдерге қатысты десек те айырмашылығы жоқ: екеуі де бір мағынаны білдіреді. Егер нақтылай айтсақ бақсы сарыны шаманистік салттардың құрамына енетін поэтикалық пішін болып табылады. [5, 46 б.]. Бақсы сарының батырлық жырларда, мақал-мәтелдерде немесе ертегілерде секілді кез-келген жерлерде орындамайды, белгілі бір рәсімнің барысында ғана орындалады және оны орындайтын адам тек бақсы болып табылады. Бақсының сарыны бақсының ойыны барысында орындалады, сондықтан бұл бақсының ойынының ажырамас бөлігінің бірі деп саналады. Бұл бөлік басқа бөліктермен бірлікте, байланыста болғанда ғана толық құбылыс туады. Осы құбылыс бақсы ойыны деп аталады. Бақсының ойыны дәстүрлі ғұрыптардың жиынтығынан құралған сеанс болып табылса, дәстүрді өткізетін басты адам-әрине, бақсы. [6, 86 б.].

Қазақтардың түсінігі бойынша, бақсылардың бірнеше түрі болады: аю бақсы, қарға бақсы, бөрі бақсы және тағы басқалары. Мысалы, Орта Жүздің атақты бақсыларының бірі Ноғайбай бақсы ойыны кезінде қарғаға айналып, шаңырақтың үстінде отырған. Қостанайдан шыққан бақсы Қоқан тек ойын кезінде ғана емес, қалыпты күйде де түйеге айналып отырған. К.Ищановтың деректеріне сүйенсек, кей уақытта жайдан-жай отырып оң-солына қарап, адамдардың көзінше ашулы түйеге айналғанда, тіпті оны байлау қиынға да соққан екен. И.Худяков өзара жанжалдасып, якут бақсылары аюға, бұқаға айналады және «барлық тәртіптерде аяусыз күреседі». [6,167].

Қорытындылай келе, шамандардың рәсімдерінен кәсіби болмаса да, театр өнерінің белгілері байқалады. Театр Батыс өркениетінің дамуында орта ғасырларда маңызды рөл атқарды, ал Шығыста бұл өнердің түрі дұрыс қабылданбады. Түркі халықтарында театр өнері тек осы шамандық қойылымдар мен діни ғұрыптардан байқалады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Akı N. Türk Tiyatro Edebiyatı tarihi ,Dergah Y., 1989.
2. Элиаде М., Шаманизм. – Киев:София,2000. – 67 б.
3. And M. Geleneksel Türk Tiyatrosu, Inkilap yayinlari, 1999.
4. Тұрсынов. Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Білім, 1976. – 456
5. Багороз-Тан В. Г. Религия как тормоз соцстроительства среди малых народностей Севера. – Материалы по истории сюнну.– М.: Диля, 1973. – 320 с.

6.Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. –Алматы: Дайк-Пресс, 2001.  
– 167 б.

УДК 81.2.21

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АҚ ЖӘНЕ ҚАРА ТҮС КОНЦЕПТІСІ**

**Ермекбай Ақбота**

Түркітану кафедрасының 2 курс студенті

Л.Н.Гуммилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші –Жиёмбаева Г.Т.

Әрбір ұлттың мәдени болмысын көрсететін концептердің бірі – «түр-түс» концептісі. Түр-түстердің адам өміріндегі маңызы өте зор. Тамыры тереңде жатқан түр-түс атаулары халықтың тарихымен, рухани, мәдени тұрмыс-тіршілігімен, танымымен, ұлттық психологиясымен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен байланысты болып келеді.

Әрбір тілдегі түр-түс атаулары – белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени тұрмыс-тіршілігі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория. Сондықтан да түр-түс атаулары әр халықтың дүниетанымында маңызды орын алады, олардың жасалу жолдары мен тілде қалыптасуы да әртүрлі болып келеді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі түр-түс атаулары көптеген тұрақты сөз тіркестерінің құрамында, кісі және жер-су аттарында, тарихи сөздердің құрамында, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда кездеседі.

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә. Марғұлан: «көк түс - көкке табынудың, аспанның символы, қызыл - оттың, күннің, ақ - шындықтың қуаныштың, бақыттың, сары - ақыл-ойдың, қара - жердің, жасыл - көктемнің, жастықтың символы», - деп атап өтеді. [1, 42]. Басқа халықтар сияқты түркі халықтары үшін де әлем екі түске: ақ пен қараға бөлінген. Оның біреуі ақ түс – барша жақсы қасиеттердің иесі болса, қара түс – жамандық біткеннің белгісін білдіреді. Бұл түсінік халық санасына терең орнығып, оның тілі мен ойлау жүйесінен, дүниетанымынан орын алған.

Ақ түс - түркілердің шаманизм әсерінде қалған кезеңдерден бері келе жатқан күшті, ұлылықты, әділетті білдіретін негізгі түс. Исламға дейінгі кезеңдердегі Көктәңірі сенімінде ақ түс - құт, теңдік, ұлылықты білдірді. Шаманизмде Үлген жақсылық құдайы саналған. А. Инан еңбегінде «Топаннан кейін Үлген адамдарды жарата бастады. Бауыры Ерлік те (жер асты құдайы, жаман рухтардың құдайы) оның адам жасаған гүлінің бір бөлігін алып адамзатты жаратады. Үлген бауырына ренжіп, оған «Сенің жаратқан қауымың қара қауым болсын, мен жаратқан ақ қауым шығысқа, сен жаратқан қара қауым батысқа барсын» [2, 227] деуі бұл түстердің түркілер арасында көне кезеңдегі мағыналарын білдіреді.

Ақ түс ғұндардан кейінгі түркі мемлекеттерінде де жиі қолданылған. Көне түркілерде, қазіргі қазақ тілінде «ақсүйек» сөз тіркесі «үстемдік етуші таңдаулы әулеттің өкілдеріне қолданылған» [3, 42]. «Қарасүйек» сөз тіркесі де «ақсүйек тобына жатпайтын жай халық, қара халық» [3, 221] дегенді білдіреді. Көне түркі мемлекеті саналатын ғұндарда ақ түс әділет пен күштіліктің символы болған. Мемлекеттің билеушілері соғыстарда ақ түсті киім